

**БЕКІТЕМІН**

«М.Х.Дулати атындағы  
Тараз өңірлік университетінің» КЕ АҚ  
Басқарма Төрағасы -Ректордың  
2022 жылғы 7-ақпандағы  
№ 108.1-ст бұйрығына № 104 қосымша

**ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ  
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
ҚОЛДАУЫ ЕРЕЖЕСІ**

**ПОЛОЖЕНИЕ  
О ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКОМ  
СОПРОВОЖДЕНИИ ИНКЛЮЗИВНОГО  
ОБРАЗОВАНИЯ**

**Тіркеу №/Регистрационный № 710**

**ТАРАЗ 2022**

© «Дулати университеті» КЕ АҚ зияткерлік меншігі болып табылады. Қайта басуға және/немесе одан әрі үшінші тұлғаларға беруге тыйым салынады.

© Является интеллектуальной собственностью НАО «Университет Дулати». Перепечатка и/или дальнейшая передача третьим лицам запрещается.

## АЛҒЫ СӨЗ/ПРЕДИСЛОВИЕ

### 1. ДАЙЫНДАҒАН/ РАЗРАБОТАНО:

Инклюзивті білім берудегі психологиялық бейімделу орталығының аға үйлестірушісі – псих.ғыл.магистрі, аға оқытушысы С.М.Усенова/ старший координатор Центра психологической адаптации в инклюзивном образовании старший преподаватель С.М.Усенова

**2 ЕНГІЗІЛДІ/ВНЕСЕН:** Инклюзивті білім берудегі психологиялық бейімделу орталығы/ Центр психологической адаптации в инклюзивном образовании

**3. БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ/УТВЕРЖДЕНО И ВВЕДЕНО В ДЕЙСТВИЕ:** М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректордың м.а. «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж. №\_\_ бұйрығымен / приказом и.о. Председателя Правления-Ректора Таразского регионального университета им. М.Х. Дулати от «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ г. №\_\_

**4. ДАЙЫНДАҒАНДАР/ РАЗРАБОТЧИКИ:** Инклюзивті білім берудегі психологиялық бейімделу орталығының үйлестірушілері: псих.ғыл.магистрі, аға оқытушысы С.М.Усенова/ Старший координатор центра – магистр психологии, обладатель звания «Лучший преподаватель вуза РК – 2018» Усенова Сандугаш Мейрамбековна

**5. ТЕКСЕРУДІҢ МЕРЗІМДІЛІГІ/ПЕРИОДИЧНОСТЬ ПРОВЕРКИ:** 5 жыл/ 5 лет

**6. ЕНГІЗІЛДІ/ ВВЕДЕНО:** ҚЕ 11/1.16-2017 Инклюзивті білім берудің психологиялық-педагогикалық қолдауы ережесі, баспа 1/ Положение о психолого-педагогическом сопровождении инклюзивного образования, издание 1/

Бұл құжат М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті ректорының рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшірілмейді, көбейтілмейді және таратылмайды.

Настоящий документ не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен без разрешения ректора Таразского регионального университета имени М.Х. Дулати

## МАЗМҰНЫ

|                                                                                                                                            |    |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----|
| 1. Қолдану аясы.....                                                                                                                       | 4  |
| Область применения.....                                                                                                                    | 12 |
| 2. Нормативтік сілтемелер.....                                                                                                             | 4  |
| Нормативные ссылки.....                                                                                                                    | 12 |
| 2.1 Нормативтік құжаттар.....                                                                                                              | 4  |
| 2.1 Нормативные документы.....                                                                                                             | 12 |
| 3. Негізгі терминдер, қысқартулар мен белгілер.....                                                                                        | 5  |
| Основные термины, сокращения и обозначения.....                                                                                            | 13 |
| 3.1 Негізгі терминдер.....                                                                                                                 | 5  |
| 3.1 Основные термины и определения.....                                                                                                    | 13 |
| 3.2 Қысқартулар мен белгілер.....                                                                                                          | 6  |
| 3.2 Сокращения и обозначения.....                                                                                                          | 14 |
| 4. Жауапкершілік және өкілеттілік.....                                                                                                     | 6  |
| Ответственность и полномочия.....                                                                                                          | 14 |
| 5. Негізгі ережелер.....                                                                                                                   | 6  |
| Основные положения.....                                                                                                                    | 15 |
| 5.1 Жалпы ережесі.....                                                                                                                     | 6  |
| 5.1 Общие положения.....                                                                                                                   | 15 |
| 5.2 Мүмкіндіктері шектеулі студенттердің психологиялық-педагогикалық<br>сүйемелдеуі.....                                                   | 7  |
| 5.2 Психолого-педагогическое сопровождение обучения студентов с<br>ограниченными возможностями здоровья. ....                              | 16 |
| 5.3 Білім беру үрдісті ұйымдастыру мен қорытынды аттестация.....                                                                           | 8  |
| 5.2 Организация учебного процесса и итоговая аттестация. ....                                                                              | 16 |
| 5.4 Мүмкіндігі шектеулі студенттердің оқу, педагогикалық, өндірістік,<br>дипломалды практикасын ұйымдастыру.....                           | 8  |
| 5.4 Организация учебной, педагогической, производственной, преддипломной<br>практики студентов с ограниченными возможностями здоровья..... | 17 |
| 5.5 Мүмкіндіктері шектеулі бітірушілердің жұмысқа орналасуы.....                                                                           | 9  |
| 5.5 Трудоустройство выпускников с ограниченными возможностями здоровья....                                                                 | 18 |
| 5.6 Құжаттамаларды жүргізу.....                                                                                                            | 10 |
| 5.6 Ведение документации. ....                                                                                                             | 19 |
| 6. Өзгертулер.....                                                                                                                         | 11 |
| Изменения.....                                                                                                                             | 19 |
| 7. Келісу, сақтау, тарату.....                                                                                                             | 11 |
| Согласование, хранение, рассылка.....                                                                                                      | 19 |
| 8. Қосымшалар.....                                                                                                                         | 11 |
| Приложения.....                                                                                                                            | 19 |
| Қосымша А. Келісім парағы.....                                                                                                             | 20 |
| Приложение А. Лист согласования.....                                                                                                       | 20 |
| Қосымша Б. Тарату парағы.....                                                                                                              | 21 |
| Приложение Б. Лист рассылки.....                                                                                                           | 21 |
| Қосымша В. Таныстыру парағы.....                                                                                                           | 22 |
| Приложение В. Лист ознакомления.....                                                                                                       | 22 |
| Қосымша Г. Өзгерістерді тіркеу парағы.....                                                                                                 | 23 |
| Приложение Г. Лист регистрации изменений.....                                                                                              | 23 |

## **1. ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ**

Осы ережеде инклюзивті білім беруді психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастырудың негізгі кезеңдері баяндалады. Осы ереже М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің профессорлық-оқытушылық құрамы үшін инклюзивті білім беру-дің психологиялық - педагогикалық қолдауын ұйымдастыру мақсатымен құрастырылған. Оқу үрдісінде іске қосылған осы ережелердің талаптары барлық құрылымдық бөлімшелерге, ПОҚ және университеттің қызметкерлеріне міндетті болып табылады.

## **2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**

### **2.1 Нормативтік құжаттар**

|                                       |                                                                                                                                                                                                                                                            |
|---------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Қазақстан Республикасының Заңы</b> | «Білім туралы» 26.06.21 ж. № 56 VII (01.01.2022 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)                                                                                                                                                          |
| <b>Ережелер</b>                       | Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары ҚР БҒМ 30.10.2018 ж. №595 бұйрығымен бекітілген (жаңа редакцияда-ҚР БҒМ 24.12.2020 ж. №539 бұйрығымен. |
| <b>Ережелер</b>                       | Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары. ҚР БҒМ 20.03.2015 ж. № 137 бұйрығымен бекітілген (жаңа редакцияда-ҚР БҒМ 28.08.2020 ж. №374, 25.01.2021 ж. №34 бұйрықтарымен).                                          |
| <b>Ережелер</b>                       | Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру ережесі. ҚР БҒМ 29.11.2007 ж. № 583 бұйрығымен бекітілген (жаңа редакцияда-ҚР БҒМ 05.06.2019 ж. №258 бұйрығымен).                                                            |
| <b>5.04.019-2012 ҚР ББМЖМС</b>        | 2016-2021ж. Жоғары білім беру. Бакалавриат. Жалпы ережелер.                                                                                                                                                                                                |
| <b>Ережелер</b>                       | Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары. ҚР БҒМ 20.04.2011 ж. №152 бұйрығымен бекітілген (жаңа редакцияда-ҚР БҒМ 12.10.2018 ж.№563 бұйрығымен).                                                                        |
| <b>Даму бағдарламасы</b>              | Директорлар кеңесімен бекітілген М. Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетін дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған бағдарламасы (№4 хаттама, 2020 жылғы 23 желтоқсан).                                                                               |
| <b>Қазақстан Республикасының Заңы</b> | 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345-ІІ" Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы"                                                                                                                                                                     |
|                                       | 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345-ІІ «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы».                                                                                                                                                                    |
|                                       | (Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулармен (27.12.2019 ж. жағдай бойынша өзгерістермен).                                                                          |
| <b>Қазақстан Республикасының Заңы</b> | «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343-ІІ (с изменениями и дополнениями по состоянию на 03.12.2015 г.).                                                                     |

**Қазақстан Республикасының  
Заңы**

**01-2020 УСТ**

**02-2020 УСТ**

**07-2020 УСТ**

«Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» № 39-ІІІ ҚРЗ (03.12.2015 ж. жағдайына толықтыруларымен және өзгерістерімен).  
Университет стандарты. Құжаттарды басқару.  
Университет стандарты. Жазбаларды басқару.  
Университет стандарты. Сапа менеджментінің жүйелері құжаттамасын құрастыру, баяндау және рәсімдеу талаптары.

### **3. НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР, ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕР**

#### **3.1 Негізгі терминдер**

Осы ережеде келесі терминдер қолданылады:

**Инклюзивті білім беру**

Ерекше білім беру қажеттіліктер мен жеке мүмкіндіктердің алуан түрлерін есепке ала отырып барлық білім алушылардың білім беруге қолжетімділігін қамтамасыз ету.

**Инклюзивті білім берудің негізгі мақсаты**

Жоғары білім беру бағдарламалары бойынша мүмкіндіктері шектеулі студенттерге инклюзивті оқытуды қамтамасыз ету бойынша жағдайлар жасау.

**Оқу процесін ұйымдастыру**

Университет бөлімшелері іс-қимылдарының технологиялық өзара байланысты реттілігін қалыптастыру және оңтайландыру, оның нәтижесінде білім алушыларға қатысты әртүрлі деңгейдегі кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыру қамтамасыз етіледі.

**Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс**

Оқу процесін басқару іс-шараларын қамтамасыз етуге және жетілдіруге бағытталған қызмет.

**Университеттің білім алушысы**

Таңдалған кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша білім алу үшін белгіленген қабылдау сынақтарының рәсімдерінен сәтті өту негізінде университетке қабылданған жеке тұлға.

**Оқу-әдістемелік жұмыс**

Оқыту, тәрбиелеу және дамыту мақсаттарына қол жеткізу үшін білім беру процесін психологиялық-педагогикалық, дидактикалық-әдістемелік және оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету жөніндегі қызмет.

**Оқу процесінің қатысушылары**

Білім алушылар, ПОҚ, олардың қызметін ұйымдастыратын университеттің құрылымдық бөлімшелері және оқу процесін немесе оның жекелеген компоненттерін қамтамасыз ететін функционалдық бөлімшелер.

**Оқу процесс**

Білім алушыға таңдаған білім беру бағдарламалары бойынша сапалы кәсіптік білім алу мүмкіндігін қамтамасыз ететін білім алушылар мен оқытушылық, оқу-көмекші және басшы құрамның өзара іс-қимыл жүйесі.

**Ғылыми-зерттеу жұмыс**

Ғылыми зерттеулер жүргізумен және ғылыми-педагог кадрларды даярлаумен байланысты қызмет.

**Тәрбие жұмысы**

Жоғары жалпы және кәсіби мәдениеті бар тұлғаны қалыптастыру мен дамытуға бағытталған іс-шаралар.

**Педагогикалық тәжірибе**

Білім беру мекемелерінде (мектепте, колледжде, ЖОО) болашақ мамандығының бағдары бойынша педагогикалық дағдылану мен кәсіби және ұйымдастыру жұмыстарының озық тәжірибесін меңгеруге, жоғары оқу орында оқыту барысында студенттердің алған теориялық білімдерін бекітуге бағытталған кәсіби тәжірибенің түрі.

**Өндірістік тәжірибе**

Болашақ мамандығының бағдары бойынша тәжірибелік дағдылануға және кәсіби мен ұйымдастыру жұмыстар

бойынша озық тәжірибені меңгеруге бағытталған, студенттің маман міндеттерін тәжірибелік, нақты орындау арқылы пәндердің базалық және бейінді циклдері бойынша теориялық білімдерді бекітуге бағытталған кәсіби тәжірибенің түрі.

### 3.2 Қысқартулар мен белгілер

Осы ережеде келесі қысқартулар мен белгілер қолданылады:

|                |                                                                   |
|----------------|-------------------------------------------------------------------|
| <b>ҚР БЖҒМ</b> | Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі;           |
| <b>ББМЖМС</b>  | Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;             |
| <b>ТарӨУ</b>   | М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті;                   |
| <b>УСТ</b>     | Университет стандарты;                                            |
| <b>КТОӘК</b>   | Кәсіби тәжірибе бойынша оқу-әдістемелік кешені;                   |
| <b>СКТЖБ</b>   | Студенттерге арналған кәсіби тәжірибе бойынша жұмыс бағдарламасы; |
| <b>АжСҚЕБ</b>  | Аккредитация және сапаны қамтамасыз ету бөлімі;                   |
| <b>ЖОЖ</b>     | Жұмыс оқу жоспары;                                                |
| <b>ОӘБ</b>     | Оқу-әдістемелік бөлім;                                            |
| <b>ТЖОБ</b>    | Тәжірибе мен жұмысқа орналастыру бөлімі;                          |
| <b>ББ</b>      | Білім беру бағдарламасы;                                          |
| <b>ҚБ</b>      | Құрылымдық бөлімшелер.                                            |

## 4. ЖАУАПКЕРШІЛІК ПЕН ӨКІЛЕТТІЛІКТЕР

4.1 Бұл Ережені университет ректоры бекітеді.

4.2 Осы Ережеде көрсетілген талаптардың енгізілуі үшін жауапкершілік ТЖОБ бөлімінің бастығына, Тіркеу офисінің директорына, ОӘБ бастығына, институттар директорларына, факультет декандарына, кафедра меңгерушілеріне, инклюзивті білім берудегі психологиялық бейімдеу орталығының аға үйлестірушісіне, академиялық топтардың кураторларына жүктеледі.

4.3 Осы ҚЕ ережелерінің «Құжаттаманы басқару» 01-2020 университет стандартының талаптарына сәйкестігі үшін құжатты әзірлеуші жауапты.

4.4 Осы процедураның жетекшісі инклюзивті білім берудегі психологиялық бейімдеу орталығының аға үйлестірушісі болып табылады, ол процедурнаны басқаруға жауапты.

4.5 Құжаттарды басқару үрдісінің нақты кезеңдерін орындауды ұйымдастыру мен үйлестіруге және соңғы нәтиже сапасына құрылымдық бөлім бастықтары, сондай-ақ нақты кезеңді орындауға қатысатын лауазым иелері жауапты.

4.6 Құрылымдық бөлімдердегі СМЖ құжаттарының сақталуы мен рұқсатсыз көшірмесінің жасалуы, қызметтік ақпараттың жайылуына құрылымдық бөлім бастықтары жауапты.

## 5. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

### 5.1 Жалпы ережелер

5.1.1 Инклюзивті білім беруді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бойынша ереже (бұдан әрі мәтін бойынша Ереже) 2002 ж. ҚР Конституциясы, «Бала құқықтары туралы» БҰҰ Конвенциясы, «Білім туралы» ҚР Заңы, «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» (03.12.2015 ж. өзгерістер мен толықтырулармен тармағы (03.12.2015 ж. өзгерістер және толықтырулармен), «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345-ІІ Заңының (Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістермен және толықтырулармен (27.12.2019 ж. жағдай бойынша

өзгерістермен), «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» ІІІ ҚРЗ (03.12.2015 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен) № 39-шы Заңның негізінде әзірленді.

5.1.2 Осы ереже мүмкіндіктері шектеулі азаматтардың білім алуын, әлеуметтік бейімделуін, құқықтарының жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.

Инклюзивті білім беру - ерекше білім беру қажеттіліктер мен жеке мүмкіндіктердің алуан түрлерін есепке ала отырып барлық білім алушылардың білім беруге қолжетімділігін қамтамасыз ету болып табылады.

Инклюзивті білім берудің негізгі мақсаты – жоғары білім беру бағдарламалары бойынша мүмкіндіктері шектеулі студенттерге инклюзивті оқытуды қамтамасыз ету бойынша жағдайлар жасау болып табылады.

Осы мақсатқа қол жеткізу мүмкіндіктері шектеулі студенттерді инклюзивті оқытумен, инклюзивті оқытудың даму мәселелерін шешу және оның ақпараттық-технологиялық базасына қызмет көрсетуіне, әлеуметтік-мәдени оңалтуына, жұмысқа орналасуына қолдау арқылы қамтамасыз етіледі.

5.1.3 Инклюзивті білім берудің психологиялық-педагогикалық қолдауының негізгі міндеттері:

- инклюзивті білім берудің қалыптасуы мен дамуы үшін ғылыми-әдістемелік жағдайларды қамтамасыз ету;
- Университетте инклюзивті үрдістер даму мониторингі технологияларын жобалау және құрастыру;
- инклюзивті білім берудің барлық субъектері үшін психологиялық-педагогикалық және медицина-әлеуметтік қолдауының әдістемесі мен тәжірибелік-бағдарланған технологияларын жасау;
- инклюзивті білім берудің оқу бағдарламаларын жасау, инклюзивті тәжірибені жүзеге асыратын педагогикалық кадрлар мен мамандардың біліктіліктерін жоғарылату;
- аумақта инклюзивті білім берудің озық тәжірибесін зерделеу, жалпылау, насихаттау, тарату және енгізу.

5.1.4 Инклюзивті білім беруді психологиялық-педагогикалық қолдау келесі қағидалар негізінде құралады:

- мүмкіндіктері шектеулі балалармен жұмыс істеу бойынша Жамбыл облысындағы білім беру мекемелерінің барлық түрлерімен өзара әрекеттесетін білім беру кеңістігінің бірлігі;
- мектепке дейінгі, жалпы, қосымша, бастапқы, орта кәсіби білім беру, мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған білім беру мекемелерінің, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынан айрылған балаларға сабақ беретін педагогикалық қызметкерлер қызметтерінің, сонымен бірге ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істеу бойынша жоғары кәсіби білім беру мекемелерінің профессорлық-оқытушылық құрамы қызметтерінің біріктірілуі;
- аумақта инклюзивті білім беру тәжірибесін қолдайтын қоғамдық ұйымдардың қызметін біріктіру;
- инклюзивті білім берудің тиімді жүйесін құрудағы сабақтастық пен кешенділік.

## **5.2 Мүмкіндіктері шектеулі студенттердің психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуі.**

5.2.1 Инклюзивті білім беру жағдайларды мүмкіндіктері шектеулі студенттер үшін білім беру үрдісін ұйымдастыру психологиялық-педагогикалық және ұйымдастыру-педагогикалық сүйемелдеуін жүзеге асыруды қарастырады.

5.2.2 Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің негізгі міндеттері:

- мүмкіндіктері шектеулі студенттерді бірге оқыту барысында пайда болатын қиындықтарды жеңу;
- мүмкіндіктері шектеулі студенттердің психофизикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып, қиыншылықтар ахуалдарды түзету бойынша оқытушылар мен қызметкерлерге кеңес беру.

### 5.2.3 Ұйымдастыру-педагогикалық қолдаудың негізгі міндеттері:

- оқу сабақтарға қатысуды бақылау;
- науқастанып қалған жағдайда мүмкіндіктері шектеулі студенттерге өзіндік жұмысты ұйымдастыру бойынша көмек көрсету;
- көп уақыт сабаққа қатыспаған студенттер үшін жеке консультацияларды ұйымдастыру;
- сынақ, емтихандар тапсыруын бақылау;
- академиялық берешектерін жоюды бақылау;
- оқытушымен өзара әрекеттесуді қамтамасыз ету;
- кафедра оқытушылары үшін нұсқамалық пен семинарлар өткізу.

### 5.3 Білім беру үрдісті ұйымдастыру мен қорытынды аттестация.

5.3.1 Инклюзивті білім беру бойынша білім беру үрдісі мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сәйкес құрастырылған дайындықтың сәйкестік бағыты бойынша оқу жоспары мен жұмыс оқу жоспарымен реттелінеді.

5.3.2 Білім беру процесінің қатысушылары мүмкіндігі шектеулі студенттер, оқытушылар, ЖОО үйлестірушісі болып табылады.

5.3.3 Инклюзивті білім беру бір оқу топта денсаулық мүмкіндіктері шектеулі студенттер мен осындай шектелуі жоқ тұлғаларды бірге оқытуы арқылы ұйымдасатырылады.

5.3.4 Жетекшілік ететін проректордың рұқсатымен және факультет деканының, тіркеу офисінің келісімі бойынша ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар студенттердің сабаққа қатысуы мүмкін болмаған жағдайда (денсаулық жағдайы бойынша, амбулаториялық емделу кезінде, жарыстарға, конкурстарға, ғылыми жобаларға қатысу кезінде) онлайн-оқыту ұйымдастырылады.

5.3.5 Тірек-қимыл аппараты бұзылған студенттер үшін әр корпуста арнайы аудиториялар жабдықталған.

5.3.6 Мүмкіндігі шектеулі студенттерлер үшін, олардың оқу тобымен бірге сабаққа қатысу мүмкіндігі болмаған жағдайда (тірек-қимыл аппаратының аурулары, көру қабілеті бойынша аурулар, керең-мылқаулар) жеке кесте бойынша түзету - педагогикалық сабақтар ұйымдастырылады.

5.3.7 Түзету-педагогикалық сабақтар жеке және топтық сабақтар түрінде өткізілуі тиіс.

5.3.8 Мүмкіндіктері шектеулі студенттер арасында сабақтарды ұйымдастыру және олардың білімдерін бағалау «Білім алушылардың аралық аттестациясын ұйымдастыру тәртібі және өткізу технологиясы» атты Университет Ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.

5.3.9 Қажет болған жағдайда (денсаулық жағдайы бойынша) аралық аттестаттауды өткізу жетекшілік ететін проректордың рұқсатымен және факультет деканының, тіркеу офисінің келісімі бойынша инклюзивті білім берудегі психологиялық бейімдеу орталығында жүзеге асырылады.

5.3.10 Инклюзивті түрде оқыған бітірушілердің қорытынды аттестациясы тікелей Университетте «МАК ұйымдастыру туралы» ережесіне сәйкес жүргізіледі.

### 5.4 Мүмкіндігі шектеулі студенттердің оқу, педагогикалық, өндірістік, дипломалды практикасын ұйымдастыру.

5.4.1 Мүмкіндігі шектеулі студенттердің практикасының барлық түрлері МЖМБС-ға сәйкес жүргізіледі.

Мүмкіндіктері шектеулі студенттер үшін тәжірибені өткізетін орынды таңдау осы білім алушылардың психофизиологиялық ерекшеліктерін есепке ала отырып жүзеге асырылады.

5.4.2 Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар студенттер үшін практикадан өтуді ұйымдастыру мақсатында нашар еститін және нашар көретін, керең-мылқау балаларға арналған интернаттармен, оңалту орталықтарымен шарттар жасасу көзделеді.

5.4.3 Практикалардың түрлері, мерзімдері, ұзақтығы мен мазмұны ББ жұмыс оқу жоспарларымен және практикалар бойынша ЖОО бағдарламаларымен айқындалады.

5.4.4 Мамандықтың бағдарына қарай студенттердің тәжірибесі барысында келесіні зерделейді:

- өндірістің технологиясын;
- экономиканы, өндірісті ұйымдастыру мен басқаруды, өнімді стандарттау мен бақылау, еңбектің тиімділігі мен өндірімділігін жоғарылату бойынша қорларды айқындау үшін іс-шараларды;
- жабдықтарды, аппаратураны, есептеу техниканы, бақылау-өлшеу аспаптар мен құрал-саймандарды, сонымен бірге өндірістік үрдістерді механизациялау мен автоматтандыруды;
- мектеп, сот, прокуратура, қаржылық-банк жүйесінің, мәдени мекемелерінің және т.б. жұмысын;
- инженер, агроном, мұғалім, заңгер, экономистердің озық тәжірибесін;
- еңбекті қорғау мен гигиена, физиология, психология, экология салаларында жүргізілетін зерттеулердің нәтижелерін;
- ғылыми-зерттеу, жобалау-конструкторлық, өнертабыстық және ойлап тапқыштық жұмыстарды ұйымдастыруды;
- еңбектің қауіпсіз және салауатты жағдайларын жасау мен қамтамасыз етуді.

ББ бейініне қарай студенттер практикада төмендегілерді зерделейді:

- өндіріс технологиясын;
- экономика, өндірісті ұйымдастыру және басқаруды, өнімді стандарттау және бақылауды, тиімділік пен еңбек өнімділігін арттыру резервтерін анықтау бойынша іс-шараларды;
- жабдықтар, аппаратуралар, есептеу техникасын, бақылау-өлшеу аспаптары мен құралдарын, сондай-ақ өндірістік процестерді механикаландыру мен автоматтандыруды;
- мектептердің, соттардың, прокуратураның, қаржы-банк жүйесінің, мәдениет мекемелерінің және т. б. жұмысын ;
- инженерлердің, агрономдардың, мұғалімдердің, заңгерлердің, экономистердің және т. б. озық тәжірибесін.;
- еңбекті қорғау және гигиена, физиология, психология, экология саласында жүргізілетін зерттеулердің нәтижелерін;
- ғылыми-зерттеу, жобалау-конструкторлық, рационализаторлық және өнертапқыштық жұмыстарды ұйымдастыруды;

5.4.5 Мамандыққа (дайындықтың бағытына) байланысты кәсіби тәжірибенің келесі түрлері жүргізіледі.

5.4.6 Білім алушылардың дәлелді себептермен (денсаулық жағдайы бойынша, амбулаториялық емделу кезінде, жарыстарға, ҚР шегінде және шетелде конкурстарға, ғылыми жобаларға қатысу кезінде) практика базаларына баруы мүмкін болмаған жағдайда жетекшілік ететін проректордың рұқсатымен және факультет деканымен, тіркеу офисімен және практика бөлімімен келісім бойынша онлайн-практикадан өту ұйымдастырылады.

5.4.7 Кіші курстарда, қағида бойынша, оқу тәжірибесі мектептерде, оқу шеберханаларда, зертханаларда, полигондарда, тәжірибелік шаруашылықтарда және университеттің басқа оқу-көмекші бөлімшелерінде, ғылыми-зерттеу мекемелерінде ұйымдастырылады.

5.4.8 Жоғары курстарда өндірістік-кәсіптік тәжірибе студенттер нақты өндірістік жағдайларды маман қызметін орындап жатқан жерде ұйымдастырылады.

5.4.9 Бірқатар мамандықтар бойынша диплом алдындағы практика ұйымдастырылады, оның мазмұны дипломдық жобаның/жұмыстың тақырыбымен айқындалады. Диплом алдындағы практика кезеңінде білім алушы кәсіпорынның өндірістік (кәсіптік) қызметі туралы нақты материал жинайды және оны дипломдық жобаны/жұмысты әзірлеу кезінде пайдаланады.

## 5.5 Мүмкіндікері шектеулі бітірушілердің жұмысқа орналасуы

5.5.1 Бітірушілердің жұмысқа орналасуының жалпы жағдайлары:

- Мүмкіндігі шектеулі түлектерді жұмысқа орналастыру жалпы негізде жүзеге асырылады;

- Бұл ретте университет мүмкіндігі шектеулі түлектерді жұмысқа орналастыруға жәрдем көрсетеді;
- Мүмкіндігі шектеулі түлектерді жұмысқа орналастыру олардың психофизиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып жүзеге асырылады: түлектердің есту қабілеті нашар және нашар көретін, керең-мылқау балаларға арналған интернаттарда, тәжірибеден өткен оңалту орталықтарында жұмысқа орналасу мүмкіндігі бар.
- шарт негізінде білім алған түлектер шарт талаптарына сәйкес жұмысқа жіберіледі:
- ақылы негізде оқыған түлектер, егер бұл шарт талаптарында көзделген болса, жұмысқа орналасуға жәрдем ала алады;
- факультет деканаты мен кафедралары мүмкіндігі шектеулі түлектерді жұмысқа орналастыру бойынша іс-шараларды алдын ала жүзеге асырады.

5.5.2 Институттар мен деканаттар жұмысқа орналасу үшін түлектер тізімін жасайды, ол жерде :

- мүмкіндігі шектеулі түлектерді көрсетеді;
- 5.5.3 Мамандарды дайындайтын кафедралардың меңгерушілері институттар мен деканаттар ұсынған студенттер тізімі негізінде түлектерді жұмысқа орналастыру бойынша іс-шараларды жоспарлайды.

5.5.4 Жұмысқа орналастыру бойынша жоспарында келесілер қарастырылады:

- белсенді ұйымдарды іздестіру және оларға ынтымақтастық туралы келісім-шарт жасау бойынша ұсыныс-хат жіберу;
- сәйкесті дайындығы бар мамандарға мұқтаж ұйымдармен ынтымақтастық туралы келісім-шарт жасау;
- сәйкесті дайындығы бар мамандармен қамтамасыз ету бойынша жасалған келісім-шарттар негізінде ұйымдармен жұмыс жасау;
- студенттерді жұмысқа орналастыруды көздеген ұйымдарға білім алушыларды практикаға жіберуге жәрдемдесу;
- жұмысқа орналасу бойынша кураторлық сабақтар жүргізу;
- Мүмкіндіктері шектеулі студенттерге олардың түйіндемелерін жасауға көмектесу (орысша, қазақша және ағылшын тілдерінде);
- сәйкесті ұйымдарға студенттердің түйіндемелерін жіберу;
- жұмысқа орналастыру бойынша орталықтар/агенттіктермен жұмысты дұрыстау;
- түлектер мен ұйымдар үшін тұтынушылардың қанағаттанушылығын өлшеу бойынша сауалнама әзірлеу;
- мүмкіндіктері шектеулі бітірушілерді жұмысқа алған ұйымдармен байланыстарды нығайту,
- тұтынушылардың (жұмыс берушілердің) қанағаттанушылығы бойынша толтырылған сауалнамаларды алу;
- түлектермен кездесулерді ұйымдастыру;
- мүмкіндіктері шектеулі бітірушілердің жұмысқа орналасуы бойынша жазбалар жүргізу және есептік беру.

## 5.6 Құжаттамаларды жүргізу

5.6.1 Университет кафедраларында келесі құжаттамалар жүргізіледі:

- мүмкіндіктері шектеулі студенттерді мамандандырылған түрде есепке алу;
